

Шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
Атырау облыстық инфекциялық
ауруханасы

ХАТТАМА

Атырау қаласы

Коммунальное государственное предприятие
на праве хозяйственного ведения
Атырауская областная
инфекционная больница

ПРОТОКОЛ

№ _____

город Атырау

Атырау қаласы
29.09.2025 ж.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»

Спикер: камплаенс офицер –К.К.Темиралиев

Қатысушылар:

Есеп бөлімінің қызметкерлері, персоналды басқару бөлімі, статистика бөлімі,
шаруашылық бөлімі.

Хатшы: Джанбирбаева А.Е.

Күн тәртібі «2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы»
семинар

Комплаенс маманы – К.Темиралиев түсініктеме берді:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл-әрбір азаматтың борышы. Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе алу мақсатында заңсыз пайдалануы өзі үшін не үшінші тұлғалар үшін, сол сияқты осы тұлғаларға игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы пара беру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі. Мұны білу маңызды! Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпараты бар адам қызметкері болып табылатын мемлекеттік органның не ұйымның басшылығын не сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органды хабардар етеді.


Мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган заңға сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түскен хабарлама бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адам мемлекеттің қорғауында болады және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен көтермеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен беріледі. Аталған ақпаратты жария ету заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Медицинада параның ең көп таралған түрлері: - еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және денсаулық жағдайы туралы, қандай да бір жұмыстарды орындауға рұқсат беру туралы, спорттың қандай да бір түрімен айналысуға рұқсат беру туралы, дене шынықтырудан босату туралы түрлі анықтамаларды алғаны үшін. - белгілі бір медициналық фактілерді растау немесе жасыру үшін (көбінесе ұрып-соғу және басқа дене жарақаттары). - «қажетті» рецепт үшін. - өлімнің шынайы себебін бұрмалағаны үшін. - еңбекке уақытша жарамсыздық парағын ұзартқаны үшін. Сыбайлас жемқорлық туралы білсеңіз -1414 қоңырау шалыңыз!

Аурухана комплаеанс офицері:



К.К.Темиралиев

Хатшы:



А.Е.Джанбирбаева